

Талдықорған қаласының коммуналдық меншігіне келіп түскен, қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану Қағидаларын бекіту туралы

Алматы облысы Талдықорған қалалық әкімдігінің 2014 жылғы 14 ақпанағы N 4-118 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментімен 2014 жылы 20 наурызда N 2622 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18-бабының 22) тармақшасына және 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі N 49-ө "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 01 наурыздағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Өкіміне сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Талдықорған қаласының коммуналдық меншігіне келіп түскен, қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану Қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.Әділге жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Е. Алпысов

КЕЛІСІЛДІ:

"Талдықорған қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі

Емелбекова Ғалия Айтқалиевна

басшысының м.а.

14 ақпан 2014 жыл

"Талдықорған қаласы ветеринария бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің

Қиялбеков Нұртас Тынышбайұлы

басшысы

14 ақпан 2014 жыл

қаулысымен бекітілген

Талдықорған қаласының коммуналдық меншігіне келіп түскен, қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану Қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 01 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына сәйкес әзірленді және коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 246-бабына сәйкес, адам бағуында болған жануарларды меншігіне алудан бас тартқан кезде, олар Талдықорған қаласының коммуналдық меншігіне түседі және осы Қағидаларға сәйкес пайдаланылады.

2. Жануарлардың Талдықорған қаласының коммуналдық меншігіне келіп түсу тәртібі

3. Қараусыз қалған жануарлардың Талдықорған қаласының коммуналдық меншігіне келіп түсуі қабылдау-тапсыру актісі негізінде жүзеге асырылады. Қабылдау-тапсыру актісінде Талдықорған қаласының коммуналдық меншігіне түсетін жануарлардың түрі, жынысы, түсі, жасы міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Қабылдау-тапсыру актісі жануарларды тапсырған тұлғаның, "Талдықорған қаласының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі және "Талдықорған қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - қаржы бөлімі) жауапты қызметкерлерінің қатысуы кезінде жасалады. Қабылдау-тапсыру актісін қаржы бөлімінің басшысымен бекітіледі.

4. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін жануарларды қабылдау-тапсыру актісі негізінде теңгерімге алу Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы N 393 "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

3. Жануарларды бағалау, есепке алу және бекітіп беру

5. Талдықорған қаласының коммуналдық меншігіне түскен жануарларды одан әрі пайдалану үшін оларды Талдықорған қаласының коммуналдық мүліктер тізбесіне енгізу және бағалау (қайта бағалау) жүргізіледі. Тізбеге енгізу және бағалау (қайта бағалау) жөніндегі жұмыстарды Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы бөлімі жүзеге асырады.

6. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін, жануарларды қала әкімдіктің қаулысы негізінде тиісті әкімдер аппараттарының теңгеріміне бекітіліп беріледі. Теңгерімге алу Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен қабылдау - тапсыру актісі негізінде жүзеге асырылады.

4. Талдықорған қаласының коммуналдық меншігіне келіп түскен жануарларды пайдалану тәртібі

7. Талдықорған қаласының коммуналдық меншігіне түскен қараусыз жануарлар мынадай тәсілдердің біреуімен пайдаланылады:

1) қосалқы шаруашылығы бар мемлекеттік заңды тұлғалардың теңгеріміне өтеусіз беру ;

2) аукцион арқылы сату ;

3) сауда ұйымдары арқылы сату ;

4) жануарларды (ауыл шаруашылығы жануарлары мен үй құстарын қоспағанда) қорғайтын арнайы орындарға немесе жеке адамдарға өтеусіз беру.

8. Талдықорған қаласының коммуналдық меншігіне түскен жануарларды одан әрі пайдалану тәсілін әрбір нақты жағдайда қала әкімдіктің қаулысымен құрылған тұрақты комиссия шешеді.

5. Жануарларды бұрынғы меншік иесіне қайтару тәртібі

9. Жануарлар Талдықорған қаласының коммуналдық меншігіне өткеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген жағдайда, осы жануарлардың бұрынғы меншік иесіне үйірсектігі сақталғанын немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін мән-жайлар болған кезде – ол тиісті жергілікті атқарушы органмен келісім бойынша айқындалатын шарттармен, ал келісімге қол жеткізілмеген кезде сот тәртібімен оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

10. Жануарларды қайтару бұрынғы меншік иесінің оларды күтімге алуға байланысты шығыстарды жергілікті бюджет кірісіне өтегеннен кейін жүзеге асырылады .

11. Жануарлар бұрынғы меншік иесінен оларды қайтару жөнінде өтініш түскенге дейін сатылып кеткен жағдайда жануарларды сатудан түскен түсім немесе оның құны жергілікті бюджет есебінен бұрынғы меншік иесіне өтеледі. Бұл ретте жануарларды бағуға байланысты қаржының көлемі шегеріледі.

12. Жануарларды қайтару немесе құнын өтеу бұрынғы меншік иесі мен қаржы бөлімі арасында жасалатын шартпен ресімделеді.

6. Қорытынды

13. Осы Қағидалармен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК